

Райхан МӘЖЕНҚЫЗЫ

2

5

3

7

4

6



1

Балдырғандарға
арналған
МАТЕМАТИКА




4



6



7




8



9



10



11




12



13



14



15



16



17



18



20




22




23



24




25



26



27




28




29



30



32



34



35



36




37




38




40



41




42



43

Райхан МӘЖЕНҚЫЗЫ

Балдырғандарға арналған МАТЕМАТИКА



АЛМАТЫ
«СӨЗДІК-СЛОВАРЬ»
2001

ББК 74.262

М 34

**Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің
бағдарламасы бойынша шығарылып отыр**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі ұсынған

Рецензенттер:

Мұхтарбай Өтелбаев, физика-математика ғылымдарының докторы Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия мемлекеттік Университетінің профессоры, ҚР Ұлттық Академиясының корреспондент мүшесі, ҚР Инженерлік академиясының академигі, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия Мемлекеттік Университетінің математикалық және техникалық ғылыми орталығының директоры;

Сәрсенғали Әбдіманапов, педагогика ғылымдарының докторы, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия Мемлекеттік Университетінің профессоры, ЭБ Халықаралық Ғылым Академиясының академигі.

Мәженқызы Р.

М 34

Балдырғандарға арналған математика.

Алматы: «Сөздік-Словарь», 2001 – 80бет.

ISBN 5-7667-8671-9

Бұл кітаптың түпкі мақсаты мектеп жасына дейінгі балалардың қарапайым математикалық ұғымдарын (заттың түсін, кеңістікте орналасу бағытын, көлемін, шамасын, геометриялық фигураларды, халықтың өлшем бірліктерін, уақытты бағдарлауды) қалыптастыру. Сондай-ақ оңға дейінгі сандарды санап үйрету.

Бұл еңбек — мектеп жасына дейінгі балаларға, кішкентай тыңдаушыларға кітап оқып беретін ата-аналарға, балабақша тәрбиешілері мен педагогтарға арналған.

М 4306010500-001 10 — 2001
441(05)-01

ББК 74.262

ISBN 5-7667-8671-9

© Р.Мәженқызы

Балақай!

Ойыншықтардың әр түрімен қызықты ойындар ойнағың келсе, санап үйренгің келсе, сиқырлы сандар жөнінде ғажайып әңгімелер мен өлең-тақпақтарды тыңдағың келсе, уақытты сағатпен өлшеп үйренгің келсе, геометрия елінде мекен ететін нүкте-түзулермен, дөңгелекпен, үшбұрыш, төртбұрыштармен танысқың келсе, жұмбақтар жасырып, шешкің келсе, онда мына кітапты жүрексіңбей, батылдықпен аша ғой.

Сені Математика әлеміне саяхат жасауға шақырамыз.

Саяхат кезінде саған сурет салуға арналған дәптер, түрлі-түсті қарындаштар керек болады. Ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, түстері әр түрлі таяқшаларды да әзірлеп қой.

Іске сәт!


Түстер.



Қызыл, сары, көк түсті,
Ойыншықтар көп, тіпті.
Қане, қайсысын таңдайсың?
Түсін біліп алғайсың.

*Балақай, есіңе сақта:
еліміздің туының түсі — көк.*

 Қандай түстерді білесің?

 Түрлі-түсті қарындаштарыңның ішінен қызыл, сары, ақ, көк, жасыл, қара, қоңыр түсті қарындаштарды біртіндеп ал.

 Ойнайтын ойыншықтарыңның түстері қандай?

 Ойыншықтарыңның суреттерін салып, боя.

Алдында. Ортасында. Соңында.



Алдында жирен құлыншақ,
Соңында ұлу ұялшақ.
Қоян, лақ қайда: зейін сап,
Балақай, іздеп өзің тап.

Астында. Үстінде.



Суды өте жақсы көретін құрбақа жаңбырдың жауғанына қатты қуанды. Тіпті жаңбыр тамшыларымен жасырынбақ ойнай бастады.

Айтшы, қане, құрбақа қайда жасырынды?

Кенеттен күн шайдай ашылып кетті. Ойыны қанбаған құрбақа жаңбыр тамшыларын іздеп, саңырауқұлақтың **үстіне** шығып алды.

Ішінде. Сыртында.



Ұяның ішінде жұмыртқа бар, ал сыртында ше?


Дөңгелек.



Саяхатшы тасбақа дөңгелектер еліне келді. Бір ғажабы мұнда ойыншықтардың бәрі де **дөңгелек** екен. Ойыншықтарға қызыққан тасбақа жалғызаяқты велосипедке мініп, сақиналарды білектеріне салып билей, жөнелді.

Пішіні дөңгелек тәріздес ойыншықтарды ата.

Үлкен. Кіші.




2 Қайсысы үлкен, қайсысы кіші?


Балақай, добыңның суретін сал. Егер добың үлкен болса, онда қызыл түспен, ал кішкентай болса онда, көк түспен боя.



Асықтың қайсысы кіші, қайсысы үлкен?



Балақай, егер асықтарың көп болса, онда асықтардың үлкендерін бір дорбаға, кішкенелерін екінші дорбаға сал.




❓ Пілдің баласы оң қолына не ұстаған? Сол қолына ше ?

Оң қолыңмен таяқшаларды алып, түстерін ата.
Сол қолыңмен ақ түсті, ал оң қолыңмен көк түсті
таяқшаны ал.

❓ Балақай, сол аяғыңа киетін аяқ киімді, оң аяғыңа киюге
бола ма?

Ұзын. Қысқа. Ұзындықтары бірдей.




Бірде жасыл,қызыл,сары түсті қарындаштар кездейсоқ кездесіп қалады.Ұзындықтары әр түрлі қарындаштар бір-біріне таңдана қарайды.

— Мен бәріңнен **ұзынмын** — деп қызыл қарындаш мақтанады. Ал жасыл қарындаш:

— Жаз бойы жапырақтарды жасыл түске бояй-бояй **қысқарып** қалдым,— дейді.

Сары түсті қарындаштар болса:

— Біздің ұзындықтарымыз **бірдей** , ә, — десті өзара шүйіркелесіп.

 Суреттегі қарындаштардың қайсысы ұзын,қайсысы қысқа? Ұзындықтары бірдей қарындаштарды көрсет.

Биік. Аласа.




Жираф – биік жануар,
Сарғыш-қоңыр дағы бар.
Аяғы-төртеу, мойыны – ұзын,
Жаңылыспай танып ал.

? Қайсысы биік, қайсысы аласа ?

Таяқшаларыңды қолыңа алып, жираф пен кірпінің бойларына лайықтап үй сал.

Қалың. Жұқа.




Қайсысы қалың, қайсысы жұқа?



Жіңішке бел құмырсқаның үйіне,
Жуан қоңыз кіріп келді иіле.

2 Қайсысы жуан, қайсысы жіңішке?


Жіңішке. Жалпақ.



❓ Неліктен қаз мойнына жалпақ ал үйрек жіңішке мойынорағыш ораған?

🎨 Жіңішке және жалпақ мойынорағыштардың суреттерін сал. Жіңішке мойынорағышты сары түспен, жалпақ мойынорағышты жасыл түспен боя.

Кең. Тар.



Жасы үлкен Анардың,
Жасы кіші Жанардың.
Кім кең, кім тар киінген
Қане, мұны табар кім?

Анар мен Жанардың бөлмелері кең. Анар кітап оқиды, ал кішкентай Жанар қуыршағымен ойнайды.

Суретке қарап, Анар мен Жанардың киген киімдерін салыстырыңдар.



Анардың киген киімі өзіне тар ма, әлде кең бе?

Жанардың ше?

Қуыршақтың киімдері Жанарға сия ма?

Жанардың киімдері қуыршаққа тура ма, әлде кең бе?


Анар мектепке көлікке мініп кең жолмен барады. Ал Жанар балабақшаға тар, төте жолмен жаяу барады.




Балақай, сені балабақшаға алып баратын жол тар ма, әлде кең бе?



Суретін сал.



Бегемоттың салмағы батпандай ауыр.
Ал, бақаның салмағы ауыр ма, әлде жеңіл ме?



Шар мен допты салыстыр.

Қайсысы ауыр, қайсысы жеңіл?

Шар мен доптың суреттерін сал.



Ойыншық шелегіңе ойыншық күрегіңмен құм толтыр.

Шелегіңдегі құм ауыр ма, әлде күрегіңдегі құм ауыр ма?


Жылдам. Баяу.



Қырға шығып тасбақа,
Көзін салмай басқаға.
Жарысып еді қоянмен
Қалып қойды, масқара!

2 Қайсысы жүйрік?

Өлшеу.



Жүйрік қоян жүгіріп өткен жолды саққұлақ адымдап та, метрлеп те өлшей бастады. Тіпті, тас үйін екі елі қалдырмай сүйретіп жүретін тасбақа да, ұялшақ ұлу да қарап қалыпты.

Нөл.

Балақай, есіңе сақта:
жоқ нәрсені нөлмен
белгілейді.



2 Кірпінің 1 шары бар еді жарылып қалды.
Енді неше шары қалды?

0-ді жазып үйрен.

	0		0																
		0		0															

Қосу.



Мен қосумын — сол үшін мақтанамын,
Барлығын достастырып шаттанамын.



$$1 + 1 = ?$$

Екі.



? Барлығы қанша?


2 цифрын жазып үйрен.

	2		2																
		2		2															

Торкөздің екі көзін боя.

Азайту.

Азайту амалымын,
Әділдікті жақтаған.
Артық кетсе біреуге,
Дереу алып тастаған.



Қоянның 2 сәбізі бар еді, 1 сәбізін досына берді.
Енді өзінде нешеуі қалды?

Үш.



Қарға көрген қызықтарын қоянға айта бастап еді, қастарына кірпі келді. Енді олар нешеу болды?

3 цифрын жазып үйрен.

	3	3																	
		3	3																



Торкөздің үш көзін боя.

Үшбұрыш.



Балақай, үшбұрыштың 3 бұрышы болады.

Бір бұрышынан Аққу көкке, екінші бұрышынан Шортан суға, ал үшінші бұрышынан Шаян шөлге сүйресе де үшбұрышты орнынан қозғалта алмапты. Өйткені онда, үлкенкіші алуан түрлі үшбұрыштар мекен етеді екен.

Суреттегі үшбұрыштарды салыстыр.
Ең үлкен және ең кіші үшбұрышты тап.

 Суреттегі нүктелерді сызықпен қос. Не шықты ?


*Балақай, есіңе сақта:
үшбұрыштың 3 қабырғасы болады.*

 Үшбұрыштың суретін сал.

 Қолыңа 1 қызыл, 1 сары, 1 көк таяқша санап ал. Барлығы қанша?

Бірінші қызыл, екінші сары, үшінші көк таяқшаны орналастыр. Ретімен сана.

1 саны мен 3 санының арасында қандай сан бар ?



Барлығы қанша?

4 цифрын жазып үйрен.

	4		4																
		4		4															



Торкөздің төрт көзін боя.

2 ұзын, 2 қысқа таяқша таңдап ал.

Сана. Барлығы қанша таяқша?

Енді таяқшаларды ұзындықтарына қарай ретімен орналастыр.

Ұзындықтары бірдей 4 таяқша таңдап ал.

Кері сана: 4; 3; 2; 1; 0.

Балақай, ойыншық мәшинеңнің неше доңғалағы бар?




Алдыңғы доңғалағы нешеу?

Артқы доңғалағы нешеу?




Суретін сал.

Тең. Артық. Кем.



Тең.




Кем.

Артық.

1 қоянның 2 алмұрты бар.

2 қоянда барлығы неше алмұрт бар ?



Бірінші қоянның неше алмұрты бар?

Суретін сал.


Екінші қоянның неше алмұрты бар?

Суретін сал.

Салыстыр.

Бірінші қоянның 2 алмұрты екінші қоянның 2 алмұртына тең.

Төртбұрыш.



Ауыр жүгін арқалап жолға шыққан бақа кездейсоқ кірпіге кездеседі.

— Барлық төртбұрыштар бір-біріне ұқсайды екен. Бәрінің бұрыштары төртеу, — деді бақа таңданып.

— Мұның таңғалатын ештеңесі жоқ, — деді кірпі.

Бұл — төртбұрыштар елі деп аталады. Мұнда тік төртбұрыштар, ромбылар, квадраттар мекен етеді.

Суреттегі төртбұрыштарды көрсет.

Бес.




0-ден 5-ке дейінгі сандарды ата.

5 цифрын жазып үйрен.

	5	5																	
		5	5																



Торкөздің бес көзін боя.



Барлығы қанша?


Ұзын мойын жирафпен,
Көкте торғай тілдескен.
Пілдің ұзын мұрнымен,
Балық ойнар білместен.

-
- Қайсысының мойны ұзын?
Қайсысының мұрны ұзын?
Қайсысы көкте ұшады?
Қайсысы суда жүзеді?


-
- Торғайдың аяғы — екеу,
Жирафтың аяғы — төртеу.
Балықтікі ше?

Торғайдың аяғы қанша болса, сонша таяқша санап ал.
Жирафтың аяғы қанша болса, сонша таяқша санап ал.

Сана. Салыстыр.



Барлығы қанша?



Мен 6-ға ұқсаймын — деді қарт Құлып.
Ал мен 0-ге ұқсаймын— деп жағаласты Кілт.
Демек 6-ға 0-ді барға жоқты қосқанда қанша
болады? — деп секірді сұрақ белгі.

$$6 + 0 = 6$$

*Балақай, есіңе сақта: кез келген санға
0-ді қосқанда санның өзі шығады.*

Жеті.



Кірпі қанша алма теріп алған?

7 цифрын жазып үйрен.

	7		7																
		7		7															



Торкөздің жеті көзін боя.

Сегіз.



Ақтиін неше жаңғақ жинап алған?

8 цифрын жазып үйрен.

	8		8											
		8		8										



Торкөздің сегіз көзін боя.

Тоғыз.


Торғай сабағынан
тістеген бұтақта
неше шиіе бар?



9 цифрын жазып үйрен.

	9		9																
		9		9															

Торкөздің тоғыз көзін боя.



Оң қолымда 5 саусақ, сол қолымда 5 саусақ.
Екі қолымда барлығы, бар екен ғой 10 саусақ.

Көк жүзінде
көп жолақ,
Қойды екен
кім бояп?

Санымыз қанша?
Білмейміз.
Түнімен көз
ілмейміз.

3 қазық,
2 желі,
9 нокта,
Теңселіп,
тербеледі
адам соқса.

Жеңіл-ақ
көтеріп жүруге,
Қиын-ақ
санын білуге.

Екі ұшы
сүйір,
Қиғанға
үйір.


Аласа ғана
бойы бар,
Қабат-қабат
тоны бар?

Жылқы тұмсық
ешкі құйрық есек құлақ
түйе ерінді
төрт аяғы тең емес
бірі ұзын бірі қысқа
қорқақ өзі
қыли көзі
Ол не?


Үйден ең
соңында
шығатын кім?
Үйге ең алдымен
бас сұғатын кім?

Төбедегі көзінен,
Күн сәулесі түседі.
Бұрышы жоқ
төрінен,
Самал еркін еседі.

Мамықтай ұлпа,
қантай ақ,
Қыста жер
бетін басады,
Жазда сайға
қашады.




Сандарды ретімен көрсетіп, ата.



1–ден 10–ға дейінгі сандарды тура және кері сана.
Ең үлкен санды көрсет және ата.
Цифрдың қайсысының суреті ірі етіп салынған?

Жазылмай қалған цифрларды жаз:
0; 1; ...; ...; ...; 5; 6; ...; ...; ...; 10.



Үсті толған ноқат, қып-қызыл қоңызды қанқызы деп атайды.

❓ Суреттегі қоңыздардың бір-бірінен айырмашылығы неде?


Геометрия.




Геометрия – нүктелер, түзулер, кесінділер, бұрыштар, үшбұрыштар мен төртбұрыштар, дөңгелектер, ромбылар, квадраттар тағы басқа фигуралар мекені.

Нүкте. Түзу.


Мынау нүкте



Мынау нүктелер






К-ө-ө-п нүктелер жан-жақтан жиналып қаз-қатар тізіліп тұра қалып еді түзу сызық пайда болды





Түзудің екі жағының да ұшы болмайды.

Тәртіп бұзған нүктелер тізіліп тұра алмады.
Соның кесірінен қисық сызық пайда болды.




Суреттегі қисық сызықтарды көрсет.
Суреттегі түзу сызықтарды көрсет.

Сәуле.



Түзудің ұшын шығару үшін қайшыны көмекке шақырайық.




Көп ойланып жатқан жоқ, қайшы түзуді қиып та үлгерді. Қиылған жерден түзудің ұшы шыға келді. Қиылған түзудің бір жағының ұшы бар, екінші жағының ұшы жоқ.


Бұл түзу — сәуле деп аталады.



Кесінді.



Түзудің екінші ұшын да шығаруға болады.
Ол үшін тағы да қайшыны көмекке шақырамыз.



Көмекке келген екі қайшы түзуді екі жерден қиып еді, түзудің екі ұшы да шыға келді. Екі жағынан қиылып, шектелген түзу – кесінді деп аталады.












Геометриялық фигуралар.



Пішіні дөңгелек тәріздес заттарды ата.
Пішіні үшбұрыш тәріздес заттарды ата.
Пішіні төртбұрыш тәріздес заттарды ата.

Балақай, үшбұрышты қызыл түсті қарындашпен, квадратты көк түсті қарындашпен, дөңгелекті жасыл түсті қарындашпен боя.

Боялмай қалған геометриялық фигураны ата.



Балақай, боялмай қалған геометриялық фигура тік төртбұрыш деп аталады.



Суретін сал.

Бірдей 2 ұзын, бірдей 2 қысқа таяқша таңдап ал.
Енді дәл суреттегідей етіп орналастыр.

Зер салып қарашы, ұзын таяқшаға қарама-қарсы ұзын таяқша, қысқа таяқшаға қарама-қарсы қысқа таяқша. Бұл таяқшалар – өзің құрастырған тік төртбұрыштың қабырғалары.

Демек, кез келген тік төртбұрыштың қарама-қарсы қабырғалары өзара тең болады.



*Балақай, есіңе сақта: тік төртбұрыштың
4 қабырғасы болады.*

Көк түспен боялған геометриялық фигура квадрат деп аталады.

 Суретін сал.

Ұзындықтары бірдей 4 таяқша таңдап ал.
Дәл суреттегідей етіп орналастыр.
4 таяқша өзің құрастырған квадраттың 4 қабырғасы.

*Балақай, есіңе сақта: барлық
қабырғалары өзара тең тік
төртбұрыш — квадрат деп
аталады.*



— Бос орын менікі,— деді дөңгелек қанаттарын қайта-қайта қағып, пішіні дөңгелек тәрізді құс.

— Бос орын менікі,— деп таласты пішіні үшбұрыш тәрізді құс.

— Бос орын менікі,— деді теңселіп, төртбұрыш тәріздес құс.

— Өйткені, дөңгелек, сенде ешқандай бұрыш жоқ. Ал, үшбұрыш, сенде үш-ақ бұрыш бар. Менде бұрыш төртеу.





Құстар таласын тоқтатар емес.

Балақай, өзің айтшы, бос орын қайсынікі?

Құрастыру.


Үшбұрыш құрастыр.

Суреттен 3 таяқшаны және үшбұрышты көрсет.
Үшбұрыш құрастыру үшін қанша таяқша керек?






Квадрат құрастыр.

Суреттен 4 таяқшаны және квадратты көрсет. Квадрат құрастыру үшін қанша таяқша керек?



Базарлықтың ішінен шыққан
шаңырақ, кереге, уық, есік
тағы басқа ойыншықтармен
киіз үй құрастырып ойна.



Үшбұрыш та мұнда бар,
Төртбұрыш та мұнда бар.
Кесінді мен нүктелер,
Керегеде ол да бар.
Ойлы көзбен қарасаң,
Түзу, қисық сызықтар.
Кездеседі таба алсаң,
Доғал, сүйір бұрыштар.






Базарлықтың ішінен шыққан ойыншықтарды ата.




Оларды құрастырғанда не шықты?
Киіз үйдің пішіні қандай?
Шаңырағы неге ұқсайды?
Есігі неге ұқсайды?
Уығы қисық сызық па, әлде түзу сызық па?

Симметрия.



Гүлге қонған кезде көбелек қанаттарын жиып алады. Суретке қарашы, көбелектің қанаттарының пішіндері бірдей. Демек, симметриялы.

Қошқармүйіз ою да, мына әріптер де симметриялы екен ғой,— деп қуанды Тапқыр.







Дөңгелек қорапқа салынған **бүтін** ірімшікті екеулеп көтерген көңілді достар:

“Ірімшікті тең екіге бөлейік,
Дәмін татып көрейік”, — деп әндетті.

Бөліктерге бөлу.



Уақыт.



Мен — уақытты өлшейтін сағат боламын, цифрларға толамын.


Үш тілім бар: ұзын тілім — минутты, қысқа тілім — сағатты, ал жіңішке тілім — секундты көрсетеді. Өзі жүйрік, өзі жіңішке тілім солдан оңға қарай ретімен барлық цифрларды аралап, бір рет айналып келгенде 1 минут болады.

1 минут = 60 секунд.


Ал, баяу қозғалатын ұзын тілім солдан оңға қарай ретімен барлық цифрларды аралап, бір рет айналып келгенде 1 сағат болады.

1 сағат = 60 минут.


Тәулік.



Қайырлы күн!




Балақай, қайырлы таң!



Қайырлы түн!

1 тәулікте 24 сағат бар.

Апта.



1 аптада 7 күн бар.

Дүйсенбі. Сейсенбі. Сәрсенбі. Бейсенбі. Жұма. Сенбі.
Жексенбі.

Жыл.



1 жылда 12 ай бар.

Наурыз. Сәуір. Мамыр. Маусым. Шілде. Тамыз.
Қыркүйек. Қазан. Қараша. Желтоқсан. Қаңтар. Ақпан.

Көктем.




Көктем — жыл мезгілі.
Қыстан кейін көктем шығады.
Көктем айлары — наурыз, сәуір, мамыр.

Жаз.



Жаз — жыл мезгілі.
Көктемнен кейін жаз шығады.
Жаз айлары — маусым, шілде, тамыз.

Күз.



Күз — жыл мезгілі.
Жаздан кейін күз түседі.
Күз айлары — қыркүйек, қазан, қараша.

Қыс.



Қыс — жыл мезгілі.
Күзден кейін қыс түседі.
Қыс айлары — желтоқсан, қаңтар, ақпан.

Санжұмбақ.

Уақытты немен өлшейді?

Бір қолыңда қанша саусақ бар?

Үшбұрыштың неше бұрышы бар?

Төртбұрыштың неше бұрышы бар?

Бір аптада қанша тәулік бар?

Бір жылда қанша маусым бар?


Дөңгелекте бұрыш бар ма?

8 бен 10 арасында қандай сан бар?

5 пен 7 арасында қандай сан бар?

Екі қолыңда барлығы қанша саусақ бар?

Санжұмбақтың жауабы.



Учебное издание

Сыздық Райхан Мәженқызы
МАТЕМАТИКА ДЛЯ МАЛЫШЕЙ

*Учебное пособие
для педагогов, воспитателей, родителей*

(на казахском языке)


*Редакторы **Ғ. Халықұлы**
Суретші **Р. Құттыбекқызы**
Мұқабаның суретшісі **Ж. Нұрлыбаев**
Көркемдеуші-техникалық редакторы **С. Мұхамбетқызы**
Беттеуші **Қ. Мамытова***

ИБ №57

Теруге 16.12.2000 жіберілді. Басуға 24.04.2001 қол қойылды. Пішімі 60x90/8. Офсеттік басылыс.
Қаріп түрі «HelveticaKaz». Шартты баспа табағы 10,0. Шартты бояулы беттаңбасы 42,0.
Есептік баспа табағы 8,34. Таралымы 3000 дана. Тапсырыс № 113.

«Сөздік–Словарь» баспасы, 480016, Алматы қаласы, Д. Қонаев көшесі, 15/1. т. 30–25–09

ЖШС «Жедел басу баспаханасы», 480016, Алматы қаласы, Д. Қонаев көшесі, 15/1.
Тапсырыс дайын диапозитивтен басылды



44




45



46




47



48




49



50




51





52




53





54



55




56




57




58




59




62



63



64



65



66




67



68



69



70



71



72



73



74




75



76



77



79

210030026264



